

Әдеп – өркениетті қоғам айнасы



ҚАЙ КЕЗЕҢДЕ ДЕ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ТЕК ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРМЕН НЕМЕСЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРМЕН ҒАНА ӨЛШЕНБЕЙДІ. ЕЛДІҢ ШЫНАЙЫ ҚУАТЫ – АЗАМАТТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІНДЕ, БІР-БІРІНЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІНДЕ. ӨЙТКЕНІ ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ ЕҢ АЛДЫМЕН АДАМГЕРШІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫНА СҮЙЕНЕДІ. АЛ АДАМГЕРШІЛІКТІҢ ӨЗЕГІ – ПАРАСАТ ПЕН ӨДЕП.

Бүгінде еліміздің мұнайлы астанасы – Атырау қаласы қарқынды дамып, жаңа белестерге қадам басып келеді. Қала келбеті жанарып, әлеуметтік нысандар салынып, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды жұмыстар жүзеге асырылуда. Алайда қандай игі бастама болмасын, оның нәтижелі болуы қоғамдағы өзара түсіністік пен тәртіпке тікелей байланысты. Қоғамдық мәдениет әр адамның күнделікті іс-әрекетінен басталады. Көшеде коқы тастамау, қоғамдық орындарды таза ұстау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, өзгенің еңбегін бағалау – мұның бәрі өркениетті елдің айқын белгісі.

Қазақтың әйгілі әскери қолбасшысы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы атамыз айтып кеткендей: «Әдептілік – ардың сақшысы» демекші, қазір мемлекеттік қызмет саласында да әдептің орны ерекше. Мемлекеттік қызметшінің әрбір сөзі мен іс-әрекеті азаматтардың билікке деген көзқарасына және сеніміне тікелей әсер етеді. Сондықтан да халықпен қарым-қатынаста

сыпайлық таныту, әр азаматтың мәселесіне бейжай қарамау, әділ шешім қабылдау – мемлекеттік қызметтің басты қағидаттарының бірі.

Атырау қалалық әкімдігінде мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қызметтік әдеп қағидаларын қатаң ұстану бағытындағы түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу, азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік пен ашықтықты ұстану және қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезіну мәселелеріне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілер тек жұмыс барысында ғана емес, қызметтен тыс уақытта да мінез-құлық мәдениетін сақтауға аса мән береді.

Мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру, заң талаптарын орындау және қызметтік әдеп нормаларын бұзбау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты қадағалауға болады.

Айбек ҚАДРАЛИЕВ,
Атырау қаласы әкімі аппаратының басшысы,
Әдеп жөніндегі уәкілі

«ОНЛАЙН ОЙЛ» ЖШС жобадағы қоғамдық пікірталастар арқылы жалпы тыңдаулар өткізеді: «Атырау облысы Атырау қаласының маңындағы аймақтағы «Ақжар-2» кен орнының саз жыныстарын өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспарына болжамды құнын есептеу және жою» жоспарына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Жергілікті атқарушы орган: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Экологиялық реттеу бөлімі, басшысы, тел.: 8 (7122) 32-55-09. ҚОҚ бөлімі бойынша ескертулер мен ұсыныстар: atr.priroda@atyrau.gov.kz электрондық мекенжайға қабылданады.

Жобалық құжаттамамен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Discussion/DisHearings/> Бірыңғай экологиялық порталында және «Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жария талқылаулар 28.05.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде Бірыңғай Экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда көрсетілген мерзімде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Тапсырыс беруші: «ОНЛАЙН ОЙЛ» ЖШС. Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ақкөл ауылдық округі, Ақкөл, көш. Р.Қошқарбаев, 2. БСН 170240024552, +7(778)-512-59-01.

Орындаушы: «GBR PROJECT» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Сарықамыс-2 ш.а., 14 көше, 37 үй. БИН 190940023028, эл. адрес: smagulov-r@mail.ru

Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар кезінде алуға, сондай-ақ ұсынылған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін gulsim81@list.ru электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.

«Казгеоизыскания» ЖШС жобадағы қоғамдық пікірталастар арқылы жалпы тыңдаулар өткізеді: «Атырау облысы Атырау қаласының қала маңы аймағындағы «Майлысай» саз жыныстарын өндіру жөніндегі операциялардың салдарларын жоюдың шамамен алғандағы құнын есептеу және жою» жоспарына болжамды құнын есептеу және жою» жоспарына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Жергілікті атқарушы орган: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Экологиялық реттеу бөлімі, басшысы, тел.: 8 (7122) 32-55-09. ҚОҚ бөлімі бойынша ескертулер мен ұсыныстар: atr.priroda@atyrau.gov.kz электрондық мекенжайға қабылданады.

Жобалық құжаттамамен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Discussion/DisHearings/> Бірыңғай экологиялық порталында және «Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жария талқылаулар 28.05.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде Бірыңғай Экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда көрсетілген мерзімде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Тапсырыс беруші және орындаушы: «Казгеоизыскания» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 48. ЖБН 060840007482. Тел. 87122950001.

Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар кезінде алуға, сондай-ақ ұсынылған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін environment@nss.kz электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.

АУЫЛ ТҮРҒЫНЫНЫҢ БАҒДАРЫ:

МӘМС аясында медициналық көмекті қалай алуға болады?

Қазақстанда ауылдық елді мекендерде халықтың 38%-ы тұрады. Олардың басым бөлігі ресми жұмыс істеп, МӘМС-ке жалақыдан аударымдар мен журналар төлейді. Кейбір азаматтар дербес төлеуші ретінде (айына 4250 теңгеден төлеп) сақтандырылған. Барлық сақтандырылған азаматтар төлеген жарна мөлшеріне қарамастан МӘМС тізіміне кіретін медициналық көмектің қажетті көлеміне алуға құқылы.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Атырау облысы бойынша филиалының директоры Әсел Нұрманова ауруды диагностикалау, дәрігер кеңесі немесе қымбат операция қажет болса ауыл тұрғындары қайда жүгіну керектігін айтып берді.

Ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсетушілер

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Атырау облысы бойынша филиалы 2026 жылы 10 медициналық ұйыммен алғашқы медициналық-санитарлық көмек (аудандардағы емханалар) көрсетуге шарт жасасты, оның 3-уі жекеменшік. Ауылдағы стационар қызметін 11 клиника көрсетеді, оның ішінде 7 – мемлекеттік және 4 – жекеменшік.

Барлығы учаскелік дәрігерден басталады

Ауылдық елді мекендердің тұрғындары медициналық көмек алу үшін алдымен учаскелік дәрігерге бару керек. Әр елді мекенде дәрігерлік амбулатория немесе медициналық пункт болады.

«Қандай да бір ауырыну болса, пациент алдымен учаскелік дәрігерге баруы керек. Дәрігер оның жағдайын бақылап, ем тағайындайды немесе бейінді маманның кеңесін алуға аудандық

ауруханаға жолдама береді. Шұғыл жағдайда тұрғынды ауруханаға жедел жәрдеммен жібереді», – дейді Әсел Жалғасқызы.

Бейінді дәрігерге қалай жазылуға болады?

Пациент гастроэнтерологке жолдама алды делік. Енді ол дәрігер кеңесіне аудандық аурухананың тіркеу орнына қоңырау шалу арқылы немесе оның медициналық ұйымына енгізілген медициналық ақпараттық жүйенің мобильді қосымшасы арқылы жазыла алады. Қарияларға бұл жағдайда ауылдық медбике көмектесе алады.

Егер пациент МӘМС жүйесіндегі медициналық қызметтерді тұтынушы болса, қабылдауға жазылып, ары қарай диагностикадан өтеді. Оның қорытындысы бойынша, ем тағайындалып, қажет болса, операцияға жіберіледі. Бұл жағдайда қажет тексерілулер кешені жүргізіледі. Дәрігер пациентті Емдеуге жатқызу бюросы арқылы тіркеп, ота жасалатын күн таңдалады.

Аудандық ауруханада қажетті медициналық қызмет болмаса не істеу керек?

Қандай да бір бейінді маман немесе қажетті диагностикалық қызмет болмаған жағдайда пациентті қалаға, ауруханамен бірлесіп орындау шарты бойынша жұмыс істейтін медициналық ұйымға жібереді. Сондай-ақ, азаматтар Қордың деректер базасында тұратын және МӘМС бойынша көрсетілетін керек қызметтерді, клиниканы өздігінен таңдай алады.

Бұл ретте оған шарттың жоқтығына сілтеме жасай отырып, жолдама беруден бас тартуға құқығы жоқ. Себебі шарт жазбаша жолдама мен көрсетілген қызмет негізінде автоматты түрде толтырылады.

Қор сарапшысының айтуынша, аудандардың орталық ауруханалары мен емханалары әдетте ультрадыбыстық және рентгендік жабдықтармен толық жабдықталған, толыққанды зертханалар жұмыс істейді. КТ және МРТ аппараттары қалалық клиникаларда ғана бар, сондықтан ауыл тұрғындары бұл тексерулерге қалаға жіберіледі. Пациент жолдама алған соң, қажетті клиникаға қоңырау шалып, МӘМС аясында диагностикаға жазылады.

Жүкті әйелдерді бақылау қалай жүргізіледі?

Дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік пункттерде зертханалар жұмыс істейді. Жүкті әйелдер онда барып анализдер тапсыра алады. Олар жергілікті акушердің бақылауында болады. Ал акушер болмаған жағдайда, аяғы ауыр әйелдер ай сайын аудандық ауруханаға жоспарлы түрде барып, қажетті тексерулерден өтеді.

«Егер шұғыл медициналық көмек керек болса, әйел жедел медициналық көмекті шақырады. Олар қажет деп тапса, аудандық ауруханаға жеткізеді» – деп тоқталып кетті филиал директоры Ә.Нұрманова.

Егер медициналық көмек алу бойынша тағы сұрақтарыңыз болса, өз емхананыздағы «Пациенттерді қолдау» қызметіне жүгіне аласыз.

Келесі байланыс арналары арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтініш қалдырып, «сақтандырылған» мәртебесін тексеруге болады:

- *fms.kz ресми сайты,
- *1414 байланыс орталығы,
- *Qoldau 24/7мобильді қосымшасы
- *Telegram-дағы SaqtandyruBot.

«Еңбек жолы» конкурсына қатысайық!

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын ілгерілету мақсатында 2016 жылдан бастап еңбек әулеттері мен өндіріс жұмыскерлері арасында өткізілетін «Еңбек жолы» республикалық конкурсы белгіленді.

«Еңбек жолы» конкурсын өткізудің мақсаты- ұрпақтар сабақтастығын сақтау, еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау, қазақстандықтарда Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу және «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» аясында еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

Конкурс жыл сайын 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық.

Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, саласына қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар мынадай номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

1) «Үздік еңбек әулеті» - бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының үш және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс.

2) «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» - бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады;

3) «Өндірістің үздік жас маманы» - бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді платформа «Qamqor.enbek.kz» арқылы қабылдау 2026 жылдың 22 мамырдан бастап 1 шілдеге дейін.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттар ұсынылуы тиіс:

1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтініші;

2) жеке куәліктің көшірмесі;

3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан аспайтын бейнероликті (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);

4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);

6) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыным хат.

Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері):

- мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері;

- біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Барлық ниет білдірген тұрғындарды және барлық меншік нысанындағы ұйымдардың еңбек ұжымдарын аталған конкурсқа қатысуға шақырамыз.

Толық мәлімет пен кеңес Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында, мекен-жайы: Атырау қаласы, Азаттық 31 а даңғылы, тел. 8(7122)307028, облыс әкімдігінің интернет-ресурсында: gov.kz немесе қалалық, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне хабарласып алуыңызға болады.

Хабарландыру

«Бірлік 111» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабы, 2-тармағының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 1 маусымнан бастап 5 жұмыс күні ішінде <https://ndbecology.gov.kz> экологиялық порталда 2026-2035 жылдарға арналған «Бірлік 111» ЖШС-нің өнеркәсіптік алаңында АБЗ шығарындылар көздері үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталы сайтында танысуға болады.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Бірлік 111» ЖШС, БСН: 200640016990, тел.: 87023541797, e-mail: birlik111.2020@mail.ru

Әзірлеуші: ЖК Уткелбаев Н.Т., ЖСН 820814300869, тел.: 87017422811,

e-mail: nurbol_utkelbaev@mail.ru

Жобалық құжаттама пакеті ескертулер мен ұсыныстар үшін Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) қолжетімді.

2026 жылғы 26 мамырда сағат 11:00-де Өуезов көшесі, 80 мекен-жайында орналасқан «Атырау облысы Су Арнасы» КМК әкімшілік ғимаратында сумен жабдықтау және су бұру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифін көтеру мәселесі бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жария тыңдау өтеді.

Атырау облысының МАЭС (2026.05.18) ұйғарымымен «W.W.Kazakhstan» ЖШС-не қатысты БСН 041240012763, оналту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекен-жайда қабылданады: Атырау қ., Смағұлов көшесі, 56, 35 кеңсе. Тел.: 87014097596.

Қазіргі уақытта жұмыс жасамай тұруына байланысты мекеме ТОО «UltraSport» (ИИН/БИН 140340014286) жабылатынын хабарлаймыз.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС жұмысы баспасөз саласының ардагері, облыстық «Атырау» газетінің 1981-1984 ж.ж. Индер, Қызылқоға аудандары бойынша меншікті тілшісі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Индер ауданының Құрметті азаматы Кеңес Сахнаға жұбайы, еңбек ардагері

Төлеу Ербөлекқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтастығын білдіріп, көңіл айтады.

«С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ ұжымы Исакова Сандуғаш Шынбергенқызына қайын сіндісі **Искакова Гүлмира Кеңебайқызының** дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен жақын туыстарына қайғырып көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат болсын.